| 1.30 | « <b>Согласованная дата Доставки</b> » означает дату(ы), указанную(ые) в Деталиях заказа или в Заказе на отгрузку, в которую Поставщик обязуется поставить Товары в Пункт Поставки;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | « <b>Келісілген жеткізу күні</b> » Жеткізуші Тауарларды Жеткізу орнына жеткізуге міндеттенетін Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген күнді (күндерді) білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 1.31 | « <b>Спор</b> » или « <b>Споры</b> » имеет определение, указанное в Статье 35;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | « <b>Дау</b> » немесе « <b>Даулар</b> » 35-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 1.32 | « <b>Статья</b> » означает статью, пункт или подпункт настоящих Общих условий закула товаров;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | « <b>Бап</b> » осы Тауарларды сатып алу жөніндегі жалпы талаптардың бабын, тармағын немесе тармақшасын білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 1.33 | « <b>Сторона</b> » означает либо Покупателя, либо Поставщика, в единственном числе;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | « <b>Тарап</b> » жекеше түрдегі Сатып алушыны немесе Жеткізушіні білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 1.34 | « <b>Стороны</b> » означает и Покупателя, и Поставщика во множественном числе;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | « <b>Тараптар</b> » Сатып алушыны да Жеткізушіні де көпше түрде білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |



|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.35 | «Субпоставщик» означает любого субподрядчика или субпоставщика Поставщика в связи с Поставкой;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | «Қосалқы жеткізуші» Жеткізуге байланысты Жеткізушінің кез келген қосалқы мердігерін немесе қосалқы жеткізушісін білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 1.36 | «Сумма» или «Сумма Договора Поставки» означает совокупное возмещение, указанное в Деталях Заказа, которое должно быть выплачено Поставщику согласно настоящему Договору Поставки;                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | «Сом» немесе «Жеткізу шартының сомасы» осы Жеткізу шартына сәйкес Жеткізушіге төленуі тиіс Тапсырыстың деректерінде көрсетілген жиынтық өтемді білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 1.37 | «Товары, не соответствующие требованиям» имеет определение, указанное в Статье 12.3;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | «Талаптарға сәйкес келмейтін тауарлар» 12.3-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 1.38 | «Товары» означает товары, детально описанные в соответствующих Деталях Заказа, и Приложениях-инструкциях 3 и 7 (Запасные части для пусконаладки), все инструкции, запасные части и руководства по эксплуатации, которые необходимы Покупателю для надлежащего использования товаров, и всё прочее, обособленно вытекающее из назначения Товаров в соответствии с Договором Поставки;                                                                                                    | «Тауарлар» Тапсырыстың тиісті деректерінде және 3 және 7-қосымша-нұсқаулықтарда (іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер) егжей-тегжейлі сипатталған тауарларды, Сатып алушыға тауарларды тиісінше пайдалану үшін қажетті барлық нұсқаулықтарды, қосалқы бөлшектер мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды және Жеткізу шартына сәйкес Тауарлардың мақсатынан негізді түрде туындайтын өзге де барлық нәрселерді білдіреді;                                                  |
| 1.39 | «Требования к Чертежам и Данным Поставщика» или «VDDR» означают все чертежи, конструкторские подробности, технические спецификации, руководства, инструкции, процедуры, списки запчастей и другую информацию, которые должны быть переданы Покупателю в качестве составляющей Поставки согласно Приложению-инструкции 2;                                                                                                                                                                | «Жеткізушінің сызбалары мен деректеріне қойылатын талаптар» немесе «VDDR» 2-қосымша-нұсқаулыққа сәйкес Сатып алушыға Жеткізілімнің құрамдас бөлігі ретінде берілуі тиіс барлық сызбаларды, конструкторлық деректерді, техникалық ерекшеліктерді, нұсқаулықтарды, рәсімдерді, қосалқы бөлшектердің тізімдерін және басқа да ақпаратты білдіреді;                                                                                                                                   |
| 1.40 | «Уведомление о дефектах» имеет определение, указанное в Статье 8.5;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | «Ақаулар туралы хабарлама» 8.5-бапта көрсетілген мағынаны білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 1.41 | «Уведомление» означает любое письменное уведомление любой из Сторон, требуемое Статьей 31;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | «Хабарлама» Тараптың кез келгенінен 31-бапта талап етілетін кез келген жазбаша хабарламаны білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 1.42 | «Умышленное нарушение» означает любое действие или неисполнение обязательств какой-либо Стороной по Договору Поставки, о котором такая Сторона знала во время совершения такого действия или неисполнения обязательств и которое является неправильным в данных обстоятельствах, но которую такая Сторона продолжает намеренно совершать или вероятные последствия которого такая Сторона продолжает пренебрежительно игнорировать;                                                     | «Қасақана бұзушылық» Жеткізу шарты бойынша қандай да бір Тараптың кез келген іс-әрекеті немесе міндеттемелерді орындамауын білдіреді, бұл туралы мұндай Тарап осындай іс-әрекетті жасау немесе міндеттемелерді орындамау кезінде білген және осы жағдайда дұрыс емес болып табылатын, бірақ мұндай Тарап оны әдейі жасауды жалғастыра беретін немесе мұндай Тарап ықтимал салдарларын елеусіз қалдыруды жалғастыратын кез келген іс-әрекетті білдіреді;                           |
| 1.43 | «Условия Поставки» означает инструкции по поставке и/или условия Incoterms, указанные в Деталях Заказа;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | «Жеткізу талаптары» Тапсырыс деректерінде көрсетілген жеткізу нұсқаулықтарын және/немесе Incoterms талаптарын білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 1.44 | «Условия» или «Общие условия закупки товаров» означает настоящие общие условия приобретения товаров, которые являются неотъемлемой частью Договора Поставки;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | «Талаптар» немесе «Тауарларды сатып алу жөніндегі жалпы талаптар» Жеткізу шартының ажырамас бөлігі болып табылатын тауарларды сатып алудың жалпы талаптарын білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 1.45 | «Услуги» означают любые услуги, предоставление которых было согласовано с Поставщиком в рамках Поставки, как указано в Деталях Заказа и/или в деталях Поставки в Коммерческом предложении;                                                                                                                                                                                                                                                                                              | «Қызметтер» Тапсырыс деректерінде және/немесе коммерциялық ұсыныстағы жеткізу деректерінде көрсетілгендей ұсынылуы Жеткізу аясында Жеткізушімен келісілген кез келген қызметтерді білдіреді;                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 1.46 | «Установка Товаров» означает, что Товары были введены в эксплуатацию, что подтверждается рабочим заданием с Рабочей Площадки;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | «Тауарларды орнату» Тауарлардың пайдалануға берілгенін білдіреді, бұл Жұмыс алаңының жұмыс тапсырмасымен расталады;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 1.47 | «Форс-мажор» означает любое событие, которое:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | «Форс-мажор» төменде көрсетілген кез келген жағдайды білдіреді:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| a)   | находится вне контроля Стороны, находящейся под его влиянием, и не является результатом какого-либо нарушения или небрежности, совершенных такой Стороной, и                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | оның ықпалында болатын Тараптың бақылауынан тыс және мұндай Тараптың жасаған кез-келген ұзушылықтың немесе неқұрайдылықтың нәтижесі болып табылмайтын жағдайды, және                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| b)   | не могло быть предотвращено Стороной, находящейся под его влиянием, или которого невозможно было избежать, используя все методы, включая расходование любых разумных сумм с учетом Суммы, и                                                                                                                                                                                                                                                                                             | оның ықпалында болатын Тараптың алдын алу мүмкін болмаған немесе барлық әдістерді қолдана отырып, оның ішінде Соманы ескере отырып, кез-келген қолайлы соманы жұмсауды қоса алғанда алдын ала алмаған жағдайды, және                                                                                                                                                                                                                                                              |
| c)   | имеет значительные негативные последствия в отношении способности Стороны, находящейся под его воздействием, выполнять свои обязательства, включая события, которые оказывают значительное негативное влияние на возможности Поставщика и Покупателя выполнить Поставку;                                                                                                                                                                                                                | оның ықпалындағы Тараптың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне, соның ішінде Жеткізуші мен Сатып алушының Жеткізуді орындау мүмкіндігіне айтарлықтай теріс әсер ететін оқиғаларға қатысты елеулі теріс салдары бар жағдайды;                                                                                                                                                                                                                                                     |
| d)   | Форс-мажор включает катастрофические ураганы или наводнения, удары молнии, землетрясения и другие стихийные бедствия, войны (объявленные и необъявленные), гражданские беспорядки, бунты, террористические акты, мятежи, саботаж, коммерческие эмбарго, пожары, взрывы, локдауны, общенациональные и региональные забастовки, действия государственных органов, которые не запрашивались, не поддерживались и не были вызваны действиями Стороны, находящейся под влиянием Форс-мажора; | Форс-мажорға апатты дауылдар немесе су тасқыны, найзағай, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, соғыс (жарияланған және жарияланбаған), азаматтық тәртіпсіздіктер, бүліктер, террористік актілер, көтерілістер, іріткі салу, коммерциялық эмбарголар, өрт, жарылыстар, локдаундар, жалпыұлттық және аймақтық ереуілдер, Форс-мажордың ықпалындағы Тараптың іс-әрекеттерінен сұралмаған, қолдау көрсетілмеген және туындамаған мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері кіреді; |
| e)   | Форс-мажор не включает следующее: сценарии, описанные в Статье 26.1, экономические трудности, изменения условий рынка, задержка доставки или невыполнение Поставки, если они не вызваны Форс-мажором, забастовками или иными акциями работников, если они не являются общенациональными или региональными забастовками, неисполнение или задержка со                                                                                                                                    | Форс-мажор мыналарды қамтымайды: 26.1-бапта сипатталған сценарийлер, экономикалық қиындықтар, нарық жағдайларының өзгеруі, егер олар Форс-мажор салдарынан, ереуілдерден немесе жұмыскерлердің өзге де акцияларынан туындамаса және де егер олар жалпыұлттық немесе өңірлік ереуілдер болып табылмаса Жеткізілімнің кешігуі немесе орындалмауы, егер мұндай іс-                                                                                                                   |



|    |                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | стороны Субпоставщиков, если такие действия не вызваны Форс-мажором, и неблагоприятные метеословия, которые являются нормальными в местности выполнения Поставки;                                                                                                          | әрекеттер Форс-мажор салдарынан туындамаса, Қосалқы жеткізушілер тарапынан орындалмауы немесе кідіруі және Жеткізілімнің орындалатын жерінде қалыпты болып табылатын қолайсыз метеожайдайлар;                                                                       |
| f) | Невыполнение обязательств не будет считаться вызванным Форс-мажором, если Сторона, объявляющая действие Форс-мажора, не направила надлежащим образом обоснованное Уведомление другой Стороне о начале Форс-мажора и ожидаемом сроке задержки в соответствии со Статьей 31. | Егер Форс-мажордың қолданылуын жариялаушы Тарап екінші Тарапқа Форс-мажордың басталуы және 31 -бапқа сәйкес күтілетін кідіріс мерзімі туралы тиісті түрде негізделген Хабарлама жібермесе, міндеттемелердің орындалмауы Форс-мажордан туындаған болып есептелмейді. |

## 2 ТОЛКОВАНИЕ ДОГОВОРА / ШАРТТЫ ТҮСІНДІРУ

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2.1 | Следующие правила интерпретации применяются в отношении данного Договора Поставки, если специально не указано иное:                                                                                                                                                                                      | Егер арнайы өзгесі көрсетілмесе, осы Жеткізу шартына қатысты түсіндірудің мынадай ережелері қолданылады:                                                                                                                                                                                                    |
| a)  | Заголовки или названия разделов, статей, частей, пунктов или подпунктов, содержащиеся в настоящем Договоре Поставки, использованы только для ссылок и не влияют на значение или толкование настоящего Договора Поставки;                                                                                 | Осы Жеткізу шартындағы бөлімдердің, баптардың, бөліктердің, тармақтардың немесе тармақшалардың тақырыптары немесе атаулары тек сілтемелер үшін пайдаланылған және осы Жеткізу шартының мәніне немесе түсіндірілуіне әсер етпейді;                                                                           |
| b)  | Слова в единственном числе включают такие слова во множественном числе (если применимо по контексту) и наоборот;                                                                                                                                                                                         | Жеке түрдегі сөздер көпше түрді де білдіреді және керісінше (егер мәнмәтін бойынша қолданылатын болса);                                                                                                                                                                                                     |
| c)  | Слова в одном роде включают такие слова в другом роде                                                                                                                                                                                                                                                    | Жеке түрдегі сөздер көпше түрді де білдіреді және                                                                                                                                                                                                                                                           |
| d)  | Если прямо не указано иное, существительные со значением времени (дни, месяцы, годы), указанные в настоящем Договоре Поставки, означают календарное время;                                                                                                                                               | Егер тікелей басқа мағынасы көрсетілмесе, осы Жеткізу шартында көрсетілген уақыт мәні (күндер, айлар, жылдар) бар зат есімдер күнтізбелік уақытты білдіреді;                                                                                                                                                |
| e)  | В тех случаях, когда настоящий Договор Поставки требует совершения действия в течение или после периода времени, выраженного в днях, велед за конкретным событием или датой, этот период означает полные дни и не включает день указанного события или день на указанную дату;                           | Осы Жеткізу шарты нақты оқиғадан немесе күннен кейін күндермен көрсетілген уақыт кезеңі ішінде немесе одан кейін іс-қимыл жасауды талап еткен жағдайларда, бұл кезең толық күндерді білдіреді және көрсетілген оқиға күнін немесе көрсетілген күнгі күнді қамтымайды;                                       |
| f)  | Если слово или фраза имеют определение, другие грамматические формы такого слова или фразы имеют соответствующее значение;                                                                                                                                                                               | Егер сөздің немесе фразаның анықтамасы болса, мұндай сөздің немесе фразаның басқа грамматикалық формалары тиісті мағынаға ие болады;                                                                                                                                                                        |
| g)  | Если не указано иное, то ссылка на график, часть, статью, раздел, приложение-инструкцию, таблицу, или приложение относится к Графику, Части, Статье, Разделу, Таблице, Приложению-инструкции или Приложению к настоящему Договору Поставки;                                                              | Егер өзгеше көрсетілмесе, онда кестеге, бөлікке, бапқа, бөлімге, қосымша-нұсқаулыққа, кестеге немесе қосымшаға сілтеме Кестеге, Бөлікке, Бапқа, Бөлімге, Кестеге, Қосымша-нұсқаулыққа немесе осы Жеткізу шартының қосымшасына жатады;                                                                       |
| h)  | Ссылка на любую Сторону настоящего Договора Поставки или любое другое соглашение или документ включает преемника Стороны и разрешенных правопреемников;                                                                                                                                                  | Осы Жеткізу шартының кез келген Тарапына немесе кез келген басқа келісімге немесе құжатқа сілтеме Тараптың мирасқоры мен рұқсат етілген құқықтық мирасқорларын қамтиды;                                                                                                                                     |
| i)  | Ссылка на любое соглашение или документ относится к соглашению или документу с внесенными в него изменениями, изменениями сторон, дополнениями, вариативными изменениями, или документу, заменяемому в то или иное время, за исключением случаев, ограниченных/запрещенных настоящим Договором Поставки; | Кез келген келісімге немесе құжатқа сілтеме осы Жеткізу шартымен шектелген/тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, оған енгізілген өзгерістермен, тараптардың өзгерістерімен, толықтыруларымен, вариативті өзгерістерімен келісімге немесе құжатқа немесе белгілі бір уақытта ауыстырылатын құжатқа қатысты; |
| j)  | Все размеры, количества и расчеты приводятся в метрической системе, кроме случаев, когда в явной форме предусмотрено иное;                                                                                                                                                                               | Барлық өлшемдер, көлемдер мен есептеулер өзгеше қарастырылған жағдайларды қоспағанда, метрикалық жүйеде, нақты нысанда келтірілген;                                                                                                                                                                         |
| k)  | Ссылка на действия включает, без ограничения, любое бездействие, упущение, заявление или обязательство;                                                                                                                                                                                                  | Әрекеттерге сілтеме шектеусіз кез-келген әрекетсіздікті, олқылықты, мәлімдемені немесе міндеттемені қамтиды;                                                                                                                                                                                                |
| l)  | Лицо включает любое физическое или юридическое лицо, некорпоративное совместное предприятие, некорпоративный консорциум (ассоциацию) юридических лиц и любой государственный орган;                                                                                                                      | Тұлға кез келген жеке немесе заңды тұлғаны, корпоративтік емес бірлескен кәсіпорынды, заңды тұлғалардың корпоративтік емес консорциумын (қауымдастығын) және кез келген мемлекеттік органды қамтиды;                                                                                                        |
| m)  | Любой закон включает подзаконные акты, выпущенные в соответствии с ним, и включает этот закон и подзаконные акты с изменениями или дополнениями или, законы или акты, заменяющие их;                                                                                                                     | Кез келген заң өзіне сәйкес шығарылған заңға тәуелділіктерді қамтиды және осы заңды және өзгерістері немесе толықтырулары бар заңға тәуелді актілерді қамтиды;                                                                                                                                              |
| n)  | Никакой отказ Покупателя от права требования в отношении нарушения настоящего Договора Поставки Поставщиком не является отказом от права требования в отношении любого последующего или продолжающегося нарушения Поставщиком.                                                                           | Сатып алушының Жеткізушінің осы Жеткізу шартының бұзылуына қатысты талап ету құқығынан ешқандай бас тартуы Жеткізушінің кез келген кейінгі немесе жалғасқан бұзылуына қатысты талап ету құқығынан бас тарту болып табылмайды.                                                                               |

## 3 ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА / ШАРТТЫҢ МӘНІ

|     |                                                                                                                    |                                                                                                                       |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3.1 | Поставщик соглашается продать Товары и выполнить Поставку, а Покупатель соглашается купить Товары в соответствии с | Жеткізуші Тауарларды сатуға және Жеткізуді орындауға келіседі, ал Сатып алушы осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкес |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|     |                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     | условиями данного Договора Поставки.                                                                                                                                                                                                  | Тауарларды сатып алуға келіседі.                                                                                                                                                                                                                 |
| 3.2 | Поставщик обязан:                                                                                                                                                                                                                     | Жеткізушінің міндеттері:                                                                                                                                                                                                                         |
| a)  | тщательно проверить все документы и прочую информацию, предоставленные Покупателем по Поставке Товаров; и                                                                                                                             | Тауарларды жеткізу бойынша Сатып алушы ұсынған барлық құжаттар мен басқа да ақпаратты мұқият тексеру; және                                                                                                                                       |
| b)  | полностью учесть все условия, риски, непредвиденные и прочие обстоятельства, которые могут повлиять на поставку Товаров, включая возможное колебание курсов валют, стоимости производственных ресурсов и условий в Пункте Поставки; и | валюталар бағамдарының ықтимал ауытқуын, өндірістік ресурстар құнын және Жеткізу орнындағы талаптарды қоса алғанда, тауарларды жеткізуге әсер етуі мүмкін барлық талаптарды, тәуекелдерді, күтпеген және өзге де мән-жайларды толық ескеру; және |
| c)  | должным образом учесть это в Сумме, которая описана далее в Статье 5.                                                                                                                                                                 | мұны кейінгі 5-бапта сипатталған бағамен дұрыс ескеру.                                                                                                                                                                                           |

#### 4 ПОЛНОТА ДОГОВОРА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫ

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4.1 | Детали Заказа, настоящие Общие условия закупа товаров, Приложения и Приложения-инструкции, содержащиеся в настоящем Договоре Поставки, а также условия, указанные в Статье 4.2 ниже, настоящим включаются в Договор Поставки и становятся его неотъемлемой частью ( <b>Договор Поставки</b> ).                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Тапсырыс деректері, осы Тауарларды сатып алудың жалпы талаптары, осы Жеткізу шартында қамтылған Қосымшалар мен Нұсқаулық-қосымшасы, сонымен қатар төмендегі 4.2-бапта көрсетілген талаптар осы арқылы Жеткізу шартына енгізіледі және оның ажырамас бөлігі ( <b>Жеткізу шарты</b> ) болады.                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 4.2 | В случае, если суть деталей Поставки, покрываемых последним коммерческим предложением или тендерной документацией, полученной Покупателем от Поставщика ( <b>Коммерческое предложение</b> ), не охватывается другими частями Договора Поставки (такими как технические спецификации, ключевые показатели эффективности, гарантии исполнения или гарантии заявленных показателей), такие детали Поставки в Коммерческом предложении считаются частью Договора Поставки в той мере, в которой они не противоречат другим положениям Договора Поставки.                                                 | Егер соңғы коммерциялық ұсыныста немесе Сатып алушы Жеткізушіден алған тендерлік құжаттамада ( <b>Коммерциялық ұсыныс</b> ) қамтылған Жеткізу деректерінің мәні Жеткізу шартының басқа бөліктерімен қамтылмаған жағдайда (техникалық ерекшеліктер, тиімділіктің негізгі көрсеткіштері, орындау кепілдіктері немесе мәлімделген көрсеткіштердің кепілдіктері сияқты), Коммерциялық ұсыныстағы Жеткізудің мұндай деректері Жеткізу шартының басқа ережелеріне қайшы келмейтін шамада Жеткізу шартының бір бөлігі болып есептеледі.                                                        |
| 4.3 | Договор Поставки представляет собой договоренность Сторон в отношении Поставки во всей полноте; и все предварительные переговоры, предложения, заверения, договора и письменные документы, относящиеся к Поставке или к предмету настоящего Договора Поставки (за исключением описанного в Статье 4.2 выше), заменяются настоящим Договором Поставки.                                                                                                                                                                                                                                                | Жеткізу шарты Тараптардың Жеткізуге қатысты уағдаластығын білдіреді; және осы Жеткізу шартының Жеткізілуіне немесе мәніне қатысты барлық алдын ала келіссөздер, ұсыныстар, растаулар, шарттар және жазбаша құжаттар (жоғарыда 4.2-бапта сипатталғанды қоспағанда) осы Жеткізу шартымен ауыстырылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
